# Кірістірілген темір пеш

## Пайдаланушы нұсқаулығы



HII 68600 PTX

**KK | ES**

185.9259.48/R.AD/18.12.2015/5-5

**Алдымен пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз!**

Құрметті тұтынушы,
Beko өнімін таңдағаныңызға рақмет. Жоғары сапамен және заманауи технологиямен өндірілген өнімнен ең жақсы нәтижелерді аласыз деп үміттенеміз. Сондықтан, өнімді пайдаланбай тұрып осы пайдаланушы нұсқаулығын және басқа құжаттарды толығымен оқып шығыңыз және болашақта пайдаланатын анықтама ретінде сақтаңыз. Егер өнімді басқа біреуге тапсырсаңыз, пайдаланушы нұсқаулығын да беріңіз. Пайдаланушы нұсқауларындағы бүкіл ескертулер мен ақпараттағы нұсқауларды орындаңыз.
Бұл пайдаланушы нұсқаулығы бірнеше басқа үлгіге де қатысты екенін есте сақтаңыз. Нұсқаулықта үлгілер арасындағы айырмашылықтар көрсетіледі.

**Белгілердің түсіндірмесі**
Осы пайдаланушы нұсқаулығында келесі белгілер пайдаланылады:

| | |
|---|---|
| | Пайдалану туралы маңызды ақпарат немесе пайдалы кеңестер. |
| | Өмірге және меншікке қатысты қауіпті жағдайлар туралы ескерту. |
| | Ток соғуы туралы ескерту. |
| | Өрт қаупі туралы ескерту. |
| | Ыстық беттер туралы ескерту. |

**Arçelik A.Ş.**
Karaağaç caddesi No:2-6
34445 Sütlüce/Istanbul/TURKEY
Made in TURKEY

CE

This product was manufactured using the latest technology in environmentally friendly conditions.

## МАЗМҰНЫ


**1 Қауіпсіздік және қоршаған орта туралы маңызды нұсқаулар және ескертулер 4**

Қауіпсіздік техникасының жалпы ережелері ....4
Электр қауіпсіздігі ....4
Өнім қауіпсіздігі ....5
Дұрыс пайдалану ....7
Балар қауіпсіздігі ....7
Ескі өнімді тастау ....7
Орама материалдарын тастау ....8

**2 Құрылғыңыз 9**

Жалпы шолу ....9
Техникалық сипаттамалары ....9

**3 Орнату 10**

Орнатудан бұрын ....10
Орнату және қосу ....11
Келешекте тасымалдау ....13

**4 Дайындық 14**

Қуатты үнемдеу бойынша кеңестер ... 14
Алғашқы қолдану ... 14
Құрылғыны алғаш рет тазалау ... 14
Бастапқы қыздыру ... 14

**5 Кемпіректі қолдану жолы 15**

Пісіру туралы жалпы мәліметтер ... 15
Кемпіректерді қолдану ... 17
Басқару тақтасы ... 17

**6 Күту мен техникалық қызмет көрсету 27**

Жалпы мәліметтер ... 27
Пісіру тақтасын тазалау ... 27

**7 Ақаулықтарды іздеу және жою 28**

## 1 Қауіпсіздік және қоршаған орта туралы маңызды нұсқаулар және ескертулер

Бұл бөлім жеке жарақаттан немесе меншіктің зақымдалуынан қорғауға көмектесетін қауіпсіздік туралы нұсқауларды қамтиды. Бұл нұсқауларды орындамау бүкіл кепілдікті жояды.

**Қауіпсіздік техникасының жалпы ережелері**

- Бұл жабдықты 8 жастан жоғары балалар және дене, сезу немесе ақыл-ай мүмкіндіктері нашар адамдар жабдықты қауіпсіз пайдалану туралы бақылау немесе нұсқау берілсе және байланысты қауіптерді түсінсе пайдалана алады. Балалар жабдықпен ойнамауы керек. Тазалауды және техникалық қызмет көрсетуді балалар бақылаусыз орындамауы керек.
- Орнату және жөндеу жұмыстарын Уәкілетті қызмет көрсету орталығының мамандары ғана орындауы қажет. Уәкілеті жоқ кісілермен орындалған іс рәсімдер нәтижесінде орын алуы мүмкін ақаулықтар үшін өндіруші жауапты емес. Орнату алыдна нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.
- Құрылғы бүлінген болса және көзге көрінетін ақаулықтар болса, құрылғыны іске қоспаңыз.
- Әр пайдаланудан кейін өнімнің функция тұтқыштарының өшірілуін бақылаңыз.

**Электр қауіпсіздігі**

- Егер өнімде ақаулық бар болса, рұқсат етілген сервис агенті жөндегенше оны пайдаланбау керек. Электр тогы соғуының қаупі бар!
- Өнімді тек «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде көрсетілгендей кернеуі мен қорғанысы бар жерге қосылған розеткаға/желіге қосыңыз. Құрылғыны трансформатормен немесе трансформаторсыз пайдаланып жатқан кезде, жерге қосу орнатылымын білікті электр маманы орындауы қажет. Жергілікті ережелерге сәйкес құрылғыны жерге

тұйықтаусыз пайдалану нәтижесінде орын алған кез келген ақаулықтар үшін біздің компания жауапты емес.

- Ешқашан өнімді үстіне су себу немесе құю арқылы жуманыз! Электр тогы соғуының қаупі бар!
- Орнату, тазалау және жөндеу процедуралары кезінде өнімді желіден ажырату керек.
- Егер өнімнің қуат қосылымы кабелі зақымдалса, қауіпті болдырмау үшін оны өндіруші, оның сервис агенті немесе сол сияқты білікті адамдар ауыстыруы керек.
- Жабдықты желіден толығымен ажыратуға болатындай орнату керек. Бөлуді құрылыс ережелері сәйкес желілік розетка немесе бекітілген электр қондырғысына бекітілген қосқыш қамтамасыз етуі керек.
- Электр құралдарымен және жүйелерімен орындалатын кез-келген жұмыстарды уәкілетті және білікті кісілер ғана орындауы қажет.
- Ақаулық болған жағдайда құрылғыны өшіріп, оны электр жүйесінен ажыратыңыз. Бұл үшін уйдегі сақтандырғышты өшіріңіз.
- Сақтандырғыш көрсеткіші өніммен үйлесімді екенін тексеріңіз.

**Өнім қауіпсіздігі**

- Пайдалану кезінде жабдық пен қолмен жетуге болатын бөліктері қызады. Қыздыру элементтеріне тимеуді қадағалау керек. 8 жастан төмен балаларды қадағалау болмаса, ары ұстау керек.
- Серпіліс пен қимыл жылдамдығына әсер ететін ішімдік пен дәрі-дәрмектің әсерінде болғанда құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Тағамдарды дайындауда алкогольді ішімдіктерді қосқанда абай болыңыз. Жоғары температурада алкоголь буланып, ыстық беттерге тигенде жануы және өртке алып келуі мүмкін.
- Құрылғы жанына жанғыш заттарды қоймаңыз, себебі, қосулы кезінде бүйірлік беттері қатты қызады.

- Барлық желдеткіш тесіктерінің ашық болғанын қадағалаңыз.
- Жабдықты тазалау үшін бу тазалағыштарын пайдаланбаңыз, өйткені ток соғуы мүмкін.
- Май бар кемпірікте қадағалаусыз пісіру қауіпті болуы мүмкін және өртке әкелуі мүмкін. ЕШҚАШАН отты сумен өшіруге тырыспаңыз, құрылғыны өшіріңіз, содан кейін жалынды қақпақ немесе өртке төзімді жапқыш сияқты бірдеңемен жабыңыз.
- Өрт қаупі бар: пісіру беттерінде заттарды сақтамаңыз.
- Егер бұт сынған болса, ток соқпауы үшін құрылғыны өшіріңіз.
- Пайдаланудан кейін кемпірік элементін басқару элементі арқылы өшіріңіз, таба детекторына сенбеңіз.
- Пышақтар, шанышқылар, қасықтар және қақпақтар сияқты металл заттарды кемпірік бетіне қоймау керек, өйткені олар қызуы мүмкін.
- Құрылғы сыртқы таймер немесе қашықтықтан басқару жүйесімен басқаруға арналмаған.
- Пісіру бетіндегі немесе кәстрөл түбіндегі ылғалдылық себебінен жиналған бу қысымы кәстрөлді жылжытуы мүмкін. Сондықтан, пештің беті мен кәстрөлдердің түбтері әрқашан құрғақ болғанын тексеріңіз.
- Пеш плиталары «Индукция» технологиясымен жабдықталған. Уақыт пен ақшаны үнемдеуге мүмкін беретін индукция кемпірегі индукциялы пісіруге жарамды кәстрөлдер үшін пайдаланылуы қажет, әйтпесе плита тақталары іске қосылмайды. бөлімін қараңыз.*Пісіру туралы жалпы мәліметтер, Бет 15*, кәстрөлдерді таңдау.
- Индукция кемпіректері магнит өрісін жасайтындықтан, олар инсулин мөлшерлеуіші мен электрстимуляторы секілді құралдарды қолданатын кісілерге кері әсерін тигізеді.
- Тек әзірлеу жабдығының өндірушісі жасаған немесе жабдықтың өндірушісі

пайдалану нұсқаулығында жарамда деп көрсеткен пісіру тақтасының қорғағыштарын немесе жабдықта кірістірілген пісіру тақтасының қорғағыштарын пайдаланыңыз. Жарамсыз қорғағыштарды пайдалану сәтсіз жағдайларға әкелуі мүмкін.

Өнімде өрт болмауы үшін:

- Ашаның розеткаға ұшқын тумайтындай қосылғанын тексеріңіз.
- Зақымдалған немесе кесілген кабельді, түпнұсқа кабельден басқа ұзартқыш кабельді пайдаланбаңыз.
- Розеткадағы сұйықтық немесе ылғал өнімге тимеуін тексеріңіз.

**Дұрыс пайдалану**

- Бұл құрылғы тек тұрмыстық қажеттілік үшін өндірілген. Сауда мақсатында қолданылса, кепілдігі жойылады.
- Бұл құрылғы тек тағамды пісіруге ғана арналған. Оны басқа мақсаттарда, мысалы бөлмені жылыту үшін пайдалануға болмайды.
- Құрылғыны дұрыс пайданланбау себебінен туындаған ақаулықтар үшін өндіруші жауапты емес.

**Балар қауіпсіздігі**

- Пайдалану кезінде жетуге болатын бөліктер ыстық болуы мүмкін. Кішкентай балдар алшақ жерде болуы керек.
- Орама материалдары балаларға зиянды болады. Балаларды орама материалдарынан алшақ ұстаңыз. Орама материалдардың барлық бөліктерін қоршаған орта стандарттарына сай тастаңыз.
- Электр жабдықтары балалар үшін қауіпті болып табылады. Іске қосулы болғанда балардың осы өнімнен алшақ болуы қадағалап, олардың өніммен ойнауын болдырмаңыз.
- Жабдықтың үстіне балалардың қол жететін ешқандай зат қоймаңыз.

**Ескі өнімді тастау**

**Қоқыс өнімдерді лақтыру туралы WEEE директивасының талаптарына сәйкестік:**

Бұл өнім ЕО WEEE директивасының (2012/19/EU) талаптарына сәйкес келеді. Бұл өнімде қоқыс электр және электрондық жабдық (WEEE) жіктеу таңбасы бар.
Бұл өнім қайта пайдалануға болатын және қайта өңдеу үшін жарамды жоғары сапалы бөлшектермен және материалдармен жасалған.
Қызмет көрсету мерзімі біткенде қоқыс өнімді әдеттегі тұрмыстық және басқа қоқыстармен бірге лақтырмаңыз. Оны электр және электрондық жабдықтарды қайта өңдеу үшін жинау орталығына апарыңыз. Бұл жинау орталықтары туралы білу үшін жергілікті билік органдарына хабарласыңыз.

**RoHS директивасының талаптарына сәйкестік:**
Сіз сатып алған өнім ЕО RoHS директивасының (2011/65/EU) талаптарына сәйкес келеді. Оның құрамында директивада көрсетілген зиянды және тыйым салынған материалдар жоқ.

**Орама материалдарын тастау**

- Орама материалдары балалар үшін қауіпті. Орама материалдарын балалардың қолы жетпейтін қауіпсіз жерге қойыңыз. Өнімнің орама материалдары қайта өңделетін материалдардан жасалған. Қайта өңделетін қалдық нұсқауларына сәйкес сұрыптаңыз және оларды дұрыс тастаңыз. Оларды қалыпты үй қалдықтарымен бірге тастамаңыз.

# 2 Құрылғыңыз

## Жалпы шолу




1 Индукциялы пісіру табасы
2 Біріктіру қысқышы
3 Әйнекті керамикадан жасалған беті
4 Негізгі жабыны

## Техникалық сипаттамалары

| | |
|---|---|
| Кернеу / жиілік | 1N ~ 220-240 В/ 2N ~ 380-415 В ; 50 Гц |
| Жалпы тұтынылатын қуат | 7200 Вт |
| Сақтандырғыш | мин. 16 А x 2/ 32 А |
| Сым түрі / қимасы | H05V2V2-F<br>3 x 2,5 мм$^2$ |
| Сым ұзындығы | ең жоғ. 2 м |
| Сыртқы көлемдері (биіктігі / ені / тереңдігі) | 55 мм/580 мм/510 мм |
| Орнату өлшемдері (ені / тереңдігі) | 560 (+2) mm/490 (+2) mm |
| **Жанарғылары** | |
| Сол жақ I-II-III-IV | **Индукциялы пісіру табасы** |
| Өлшемі | (94 x 225 мм) x 4 |
| Қуаты | 1250 Вт x 4 (ең жоғ. 3600 Вт) |
| Оң жақ I-II-III-IV | **Индукциялы пісіру табасы** |
| Өлшемі | (94 x 225 мм) x 4 |
| Қуаты | 1250 Вт x 4 (ең жоғ. 3600 Вт) |

Құрылғының сапасын жақсарту кезінде техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Бұл нұсқаулықтағы суреттер үлгі ретінде берілген және құрылғының өзінен шамалы өзгешіліктері бар болуы мүмкін.

Құрылғының зат таңбасындағы немесе ілеспе құжаттағы мәндер тиісті стандарттаға сәйкес зертханалық жағдайларда алынған. Бұл мәндер құрылғыны қолдану жағдайларына байланысты өзгеру мүмкін.

# 3 Орнату

Құрылғыны күші бар қағидаларға сәйкес білікті маман орнатуы қажет. Әйтпесе, кепілдігі жойылады. Уәкілеті жоқ кісілермен орындалған іс рәсімдер нәтижесінде орын алуы мүмкін ақаулықтар үшін өндіруші жауапты емес.

Орынды және электр қондырғыларын дайындау – тұтынушы жауапкершілігінде.

ҚАУІПТІ:
Өнім жергілікті газ және электр нормативтеріне сәйкес орнатылуы тиіс.

ҚАУІПТІ:
Орнатпас бұрын, өнімде кемшіліктер жоғына көз жеткізіңіз. Егер болса, оны орнатпаңыз. Зақымданған өнімдер басыңызға қауіп-қатер төндіруі мүмкін.

## Орнатудан бұрын

Пісіру тақтасы саудадағы жұмыс үстелі үшін жасалған. Ас бөлме қабырғалары мен жиһазы және құрылғы араларында қауіпсіздік аралық қалуы қажет. Суретті қараңыз (өлшемдер мм-де)

- Сонымен қатар, құрылғыны жеке өзін орнатуға болады. Кемпірек беті үстінен ең аз дегенде 750 мм бос кеңістік қалдырыңыз.
- (*) Сорып алу құралы ас бөлмеплитасының үстінде орнатылуы қажет болса, орнату биіктігіне қатысты ас бөлме сорып алу құралы өндірушісінің нұсқауларына қараңыз (ең азы 650мм).
- Орама материалдары мен тасымалдау кілттерін шығарып алыңыз.
- Пайдаланылатын беттер, синтетикалық қабатты материалдар және клейлер ыстыққа төзімді ( (кем дегенде 100 °Ц) болуы қажет.
- Жұмыс үстелі көлденіненен тегістеліп, бекітілуі қажет.
- Орнату өлшемдеріне байланысты жұмыс үстелінде кемпірек үшін ойық кесіңіз.




* мин.

## Орнату және қосу

- Құрылғыны күші бар нормалар мен ережелерге сәйкес орнату және қосу қажет.

Кемпіректі шеттері немесе бұрыштары өткір жерлерге орнатпаңыз.
Шыны керамикалы бетті сындырып алу қаупі бар!

**Электрикалық жалғау**

Құрылғыны жерге қосылған, қуаты "Техникалық сипаттамалар" кестесінде берілген мағлұматтарға сәйкес келетін тежегішпен қорғалған розеткаға/желіге жалғаңыз. Құрылғыны трансформатормен немесе трансформаторсыз пайдаланып жатқан кезде, жерге қосу орнатылымын білікті электр маманы орындауы қажет. Жергілікті ережелерге сәйкес жерге қосу орнатуларысыз құрылғыны пайдалануға байланысты туындаған ақаулықтар үшін біздің компаниямыз жауапты болмайды.

ҚАУІПТІ:
Құрылғыны қуат берілу жабдығына уәкілетті немесе білікті маман қосуы қажет. Құрылғының кепілдік уақыты дұрыс орнатудан соң ғана басталады.
Уәкілеті жоқ кісілермен орындалған іс рәсімдер нәтижесінде орын алуы мүмкін ақаулықтар үшін өндіруші жауапты емес.

ҚАУІПТІ:
Қуат сымы қысылған, майысқан немесе бұралған болмауы және құрылғының ыстық беттеріне тиіп тұрмайтындай жерде орналасуы қажет.
Бүлінген қуат сымын білікті электр маманы ауыстыруы қажет. Әйтпесе, электр тоғының соғу, қысқа тұйықталу немесе өрт қаупі бар!

- Желіге жалғау ұлттық нормативтерге сәйкес жасалуы керек.
- Желіден қуаттану мәліметтері өнімнің түр белгісінде көрсетілген деректерге сәйкес болуы қажет. Түр белгісі құрылғының артқы жағында орналасқан.
- Құрылғының қуат беру сымы "Техникалық сипаттамалар" кесетіндегі мәндерге сәйкес келуі қажет.

ҚАУІПТІ:
Электрлі орнату жұмыстарын бастамас бұрын, құрылғыны қуат берілу жабдығынан ажыратыңыз. Электр тоғы соғуының қаупі бар!

**Қуат сымын қосу**

1. Тоқпен жабдықтау құралындағы барлық түйіспелерді ажырату мүмкін болмаса, ажыратқыш құрал ең аз дегенде 3мм түйіспелі саңылауымен (балқымалы сақтандырғыш, қорғаушы желілік ажыратқыштар, тұйықтаушылар) қосылып, осы ажыратқыш құралының барлық түйіспелері құрылғыға ЭИИ нұсқауларына сәйкес лайықталуы қажет. Осы қағидаларды орындамау құрылғының жұмыс істеуі кезінде ақаулықтар тудырып, кепілдігін жойдыруы мүмкін.

Қосымша қауіпсіздік шарасы ретінде қорғаныстық ажырату құралын пайдалануға кеңес беріледі.

**Егер құрылғымен бірге сым жабдықталмаған болса:**



2. **Бір фазалық қосылым үшін**сымдарды төменде көрсетілгендей жалғаңыз:
- Қоңыр/Қара сым = L (Фаза)
- Көк/Сұр сым = N (Бейтараптық)
- Жасыл/сары сым = (E) ⏚ (Жер)

3. **Екі фазалы қосылым үшін**сымдарды төменде көрсетілгендей жалғаңыз:
- Қоңыр сым = L1 (Фаза 1)
- Қоңыр сым = L2 (Фаза 2)
- Көк/Сұр сым = N (Бейтараптық)
- Жасыл/сары сым = (E) ⏚ (Жер)

» немесе
- Қоңыр сым = L1 (Фаза 1)
- Сұр сым = L2 (Фаза 2)
- Көк/Қоңыр сым = N (Бейтараптық)
- Жасыл/сары сым = (E) ⏚ (Жер)

**Өнімді орнату**

Тартпаға орнатылғандықтан өнімнің астыңғы жағына қол жеткізу мүмкін болса, сол бөлімді ағаш тақтаймен жабу керек.




1 мин. 30 мм

Темірпеш қақпағын шкафқа орнату кезінде, жоғарыдағы суретте көрсетілгендей шкафты темірпеш қақпағынан ажыратып тұратын тақтай қойылуы керек. Кірістірілген пештің үстіне орнату кезінде, бұл амалды жасаудың қажеті жоқ.

**Егер пеш астында орналасқан болса:**




* мин.

келесі суретте көрсетілгендей, жиһаздың арткы бөлігінде кемінде 180 см$^2$ желдету саңылауын қалдыру керек.




* мин. 70 мм

**Егер тақта астында орналасқан болса:**




* мин.
** мин. 70 мм

индукциялы темірпеш қақпағын орнату кезінде, өнімді орнату бетіне қатарлас қойыңыз. Сондай-ақ, өнім мен тұтқыштың арасына сұйықтық кіріп кетпеуі үшін, темірпеш қақпағының тұтқышпен жанасатын бөліктеріне төменде сипатталғандай нығыздау төселімдерін қолданыңыз.

1. Суретте көрсетілгендей, тұтқыштың бетін дайындаңыз.
2. Темірпеш қақпағы корпусының тұтқышпен жанасатын төменгі бөлігіне суретте көрсетілгендей жинақпен берілген нығыздау төселімін қолданыңыз.

3. Орнату серіппелерін төменгі корпустың саңылаулары арқылы суретте көрсетілгендей енгізіп бұрау арқылы бекітіңіз.



» **Артқы көрінісі (жалғау тесіктері)**



Газ және электр жүйесін зақымдау қаупі бар болғандықтан, қауіпсіздік жағынан алғанда басқа тесіктерге жалғамаған жөн.

4. Конфорка асүйлік тағанға орналастырылғанда, ол қысқыштардың көмегімен оңай бекітіледі. Егер асүйлік тағанның өлшемдері жарамсыз болса, 2 орнату қысқышын өнімнің алдыңғы жағына төмендегі суретте көрсетілгендей бекітуге болады.




* мин. 40 мм
1 Темірпеш қақпағы
2 Орнату қысқышы
3 Тұтқыш

**Соңғы тексеру**

1. Қуат сымын жалғап, өнімнің тежегішін іске қосыңыз.
2. Функцияларын тексеріңіз.

## Келешекте тасымалдау

- Өнімнің бастапқы қорабын сақтап, өнімді соның ішінде тасымалдаңыз. Қораптағы нұсқауларды орындаңыз. Бастапқы қорап болмаса, өнімді көпіршікті орамаға немесе қалың қорапқа салып, тығыздап ораңыз.

Тасымалдау кезінде туындаған болуы мүмкін өнімнің жалпы көрінісінде ешбір зақымның болмауын тексеріңіз.

# 4 Дайындық

## Қуатты үнемдеу бойынша кеңестер

Келесі ақпарат осы құралды қоршаған ортаға зиянсыз жолмен пайдаланып, қуатты үнемдеуге көмектеседі:

- Пісірмей тұрып, мұздатылған тағамдарды ерітіп алыңыз.
- Пісіру үшін қақпағы бар қазандарды/табаларды пайдаланыңыз. Қақпағы жоқ ыдыста пісіру қуаттың тұтынылуын 4 есеге арттыруы мүмкін.
- Тағам әзірленетін қазанның астына сәйкес келетін жанарғыны пайдаланыңыз. Әрдайым тағамдарға сәйкес келетін ыдыс өлшемін қолданыңыз. Ыдыс тағамнан үлкен болса, оны пісіру үшін көбірек қуат кетеді.
- Электр жанарғылармен пісіру кезінде асты тегіс қазандарды пайдаланған жөн.
  Асты жұқа қазандар ыстықты жақсырақ өткізеді. Тұтынылатын қуаттың 1/3 бөлігін үнемдеуге болады.
- Ыдыстар мен қазандар пісіру аймақтарына сәйкес келуі керек.
  Ыдыстардың не қазандардың асты пісіру панелінен кіші болмауы тиіс.
- Пісіру аймақтары мен қазандардың астын таза ұстаңыз. Лас болған жағдайда ыстықтың өткізуі нашарлауы мүмкін.

## Алғашқы қолдану

### Құрылғыны алғаш рет тазалау

Бет кейбір жуғыш заттарды немесе тазалағыш заттарды пайдаланғанда бүлінуі мүмкін.
Тазалау кезінде қатты жуғыш заттарын, тазалағыш ұнтақтарын/кремдерін немесе кез-келген өткір заттарды пайдаланбаңыз.

1. Барлық бума материалдарын алып тастаңыз.
2. Құрылғының бетін ылғал матамен немесе губкамен сүртіңіз және матамен құрғатыңыз.

### Бастапқы қыздыру

Құрылғы алғашқы іске қосылғанда, бір-екі сағат бойы түтін мен иіс шығуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Түтін мен иісті кетіру үшін бөлме дұрыс желдетілетінін тексеріңіз. Шығып жатқан түтін мен иісті тікелей жұтудан сақ болыңыз.

# 5 Кемпіректі қолдану жолы

## Пісіру туралы жалпы мәліметтер

Табаға ешқашан үштен бірінен асырып май құймаңыз. Майды қыздыру кезінде кемпіректі қараусыз қалдырмаңыз. Қатты қызып кеткен май өрт қаупін тудырады. **Өрт болып қалған жағдайда, оны ешқашан сумен өшіруге тырыспаңыз!** Май отқа тиген жағдайда, оны өртке төзімді жапқышпен немесе ылғал матамен жабыңыз. Егер кемпіректі өшіру қауіпсіз болса, оны өшіріп, өрт сөндіру бөліміне хабарласыңыз.

- Тағамдарды қуырудан бұрын, оларды әрқашан жақсылап құрғатып, ыстық майға жайлап салыңыз. Қуырудан бұрын мұздатылған тағамдар толығымен ерітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Майды қыздыру кезінде, пайдаланып жатқан ыдысты жаппаңыз.
- Табалар мен кәстрөлдерді тұтқалары қызып кетпеуі үшін тұтқалары кемпірек үстінде тұрмайтындай етіп қойыңыз. Ыдыстарды кемпірек үстіне теңгерімсіз және оңай құлап кететіндей жағдайда қоймаңыз.
- Бос ыдыстарды және кәстрөлдерді пісіру аймағы үстіне қосулы кезінде қоймаңыз. Олар бүлінеді.
- Пісіру аймағын үстінде ыдыстарсыз және кәстрөлдерсіз іске қосу құрылғыны бүлдіреді. Пісіру аймақтарын тағамды пісіру толығымен аяқталған соң өшіріңіз.
- Құрылғының беті ыстық болуы мүмкіндігінен, пластика және алюминйй ыдыстарды үстіне қоймаңыз.
  Бет үстінде кез-келген еріген заттарды дереу тазалаңыз.
  Мұндай ыдыстарды тағамдарды сақтау үшін де пайдалануға болмайды.
- Жайпақ түпті кәстрөлдер мен ыдыстарды ғана пайдаланыңыз.
- Кәстрөлдер мен табаларға тағамның тиісті мөлшерін салыңыз.
  Сондықтан, ыдыстардың сыртынан ағып кетуін болдырмау арқылы қажетсіз тазалауды орындау қажет болмайды.
  Кәстрөлдер мен табалардың қақпақтарын пісіру аймағына қоймаңыз.
  Кәстрөлдерді пісіру аймағының ортасында тұратындай етіп қойыңыз. Кәстрөлді басқа пісіру аймағына жылжыту қажет болса, оны сырғытпай, көтеріп пісіру аймағына қойыңыз.

**Кәстрөлді таңдау**

- Шыны керамикалы беттер ыстыққа төзімді және жоғары температура өзгешіліктері әсер етпейді.
- Шыны керамикалы беттерді сақтау орны немесе бөлу тақтасы ретінде пайдаланбаңыз.
- Түптері механикалық өңделген кәстрөлдер мен табаларды ғана пайдаланыңыз. Өткір жүздер бетте сызаттар қалдырады.



Төгілген сұйықтық шыны керамикалы бетті бүлдіріп, өрт тудырады.

Ойыс немесе дөңгес түпті ыдыстарды пайдаланбаңыз.

Жайпақ түпті кәстрөлдер мен табаларды ғана пайдаланыңыз. Ыстықты жақсырақ тартады.

**Индукциялы кемпіректерге идукциялы пісіруге арналған ыдыстарды ғана пайдаланыңыз.**

**Кәстрөлді тексеру**

Кәстрөл индукциялы кемпірекке үлесімді келетінін не келмейтінін тексеру үшін келесі әдістерді пайдаланыңыз.

1. Кәстрөл түбінде магнит бар болса, онда ол үлесімді болады.
2. Кәстрөлді пісіру аймағына қойып, кемпіректі қосқанда, ⍇ жарқ етпесе, кәстрөл үйлесімді.

Кәстрөлдің индукциялы пісіруге үйлесімді екенін білдіретін белгілері мен ескертпелері бар арнайы магнитті түпті болат, тефлон және алюминий кәстрөлдерін пайдалануға болады. Шыны және керамикалы ыдыстарды, табаларды және магнитті емес алюминий түпті тот баспайтын болат ыдыстарды пайдалануға болмайды.

**Кәстрөлдің тұрғанын сезетін жүйе**

Индукциялы пісіруде, пісіру аймағындағы ыдыспен жабылған аймаққа ғана тоқ беріледі. Ыдыстың түбін жүйе сезіп, тек осы аймақ ғана автоматты түрде қосылады. Пісіру кезінде ыдыс пісіру аймағынан көтерілсе, пісіру тоқтайды. Таңдалған пісіру аймағы және ⍇ белгісі баламалы түрде жыпылықтайды.

**Қауіпсіз пайдалану**

Жапыспайтын (тефлонды) кәстрөлді майсыз немесе тым аз маймен пайдаланғанда, тым қатты қыздыру деңгейін таңдамаңыз.

Кемпіректің үстіне шанышқылар, пышақтар немесе кәстрөл қақпақтары секілді металды заттарды қоймаңыз, себебі олар қызып кетуі мүмкін.

Пісіру үшін ешқашан алюминий қабыршақ қағазын пайдаланбаңыз. Алмюний қабыршақ қағазымен оралған тағамды пісіру аймағының үстіне қоймаңыз.

Кемпіректің астында пеш бар болса және қосулы болса, кемпіректің сезгіш құралдары пісіру деңгейін төмендетуі немесе пешті өшіруі мүмкін.

Кемпірек қосулы кезінде, несие карталары немесе кассеталар секілді магниттік мүліктерді кемпіректен алшақ ұстаңыз.

**Ыдысқа сәйкес келетін пісіру аймағын таңдау**




- Түбі 10 см-ден артық болатын кәстрөлдер үшін 2 немесе одан көп үйлестірілген пісіру аймақтарын пайдалануға болады.
- Түбі 10 см-ден кем болатын кәстрөлдер үшін әр пісіру аймағын бөлек пайдалануға болады.





- Кәстрөлдерді сол жақ және оң жақ пісіру аймақтарының арасына қоймаңыз.
- Түбі 10 см-ден кем болатын кәстрөлдерді бір пісіру аймағының ортасына қойыңыз. Әйтпесе, кәстрөлді анықтау кезінде мәселе туындауы мүмкін.

## Кемпіректерді қолдану

ҚАУІПТІ:
Кемпірек үстіне қандай-да бір заттың түсіп кетуіне жол бермеңіз.
Тіпті тұз сауыты секілді кішкентай заттарда кемпіректі бүлдіруі мүмкін.
Шытынаған кемпіректерді пайдаланбаңыз. Су осы шытынаулар арасынан өтіп, қысқа тұйықталуды тудырады.
Құрылғы беті бүлінген жағдайда (мыс, көрінетін шытынаулар), электр тоғының соғуын болдырмау үшін құрылғыны дереу өшіріңіз.

## Басқару тақтасы



### Сипаттамалар

Температура мен уақытты орнатуға арналған (+/-) реттеу түймелері

Жарық қажетті түймешіктің жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді

Пісіру аймағының үйлестіру/бөлу түймешігі

Қосу түймесі

Алу түймесі

Қосу / Өшіру түймешігі

Түймешіктерді құлттау түймешігі

Таймерді іске қосу / өшіру түймешігі

Жедел қыздыру түймешігі

Тоқтату түймесі

I сол/оң жақ пісіру аймағын таңдау түймешігі

II сол/оң жақ пісіру аймағын таңдау түймешігі

III сол/оң жақ пісіру аймағын таңдау түймешігі

IV сол/оң жақ пісіру аймағын таңдау түймешігі

Суреттер тек ақпарат алу мақсатында жұмсалған. Сыртқы көріністер немесе функциялар пісіру тақтасының үлгісіне байланысты әр түрлі болады.

### Пісіру аймағы бейнебеті




1 Температура индикаторы (температураның параметрі 0 -9.)
2 Таймер белгісі
3 Пісіру аймағының ажырату шамы
4 Пісіру аймағының үйлестіру/бөлу түймешігі
5 Пісіру аймағын таңдау түймешігі
6 Пісіру аймағын таңдау шамы

Бұл өнім түртпелі басқару тақтасымен басқарылады. Түртпелі басқару тақтасында жасалған әрбір әрекет дыбыстық сигналмен расталады.

Басқару тақтасын әрқашан таза және құрғақ ұстаңыз. беттегі ылғалдылық пен кір функцияларға әсер етуі мүмкін

**Пісіру тақтасын іске қосу**

1. Басқару тақтасындағы ⏻ түймешігін түртіңіз.

⏻түймешігінің шамы жанады. Пісіру тақтасы қолданылуға дайын.

2. Пісіру тақтасы қосулы тұрған кезде кәстрөлді автоматты түрде анықтау орындалады. Егер оған кәстрөл қойылса, кәстрөл қойылған пісіру аймақтарының таңдау шамдары 10 секунд бойы жанады.

Мысалы, егер, төмендегі суретте көрсетілгендей, екі кәстрөл бар болса, кәстрөл қойылған пісіру аймақтарының таңдау шамдары 10 секунд бойы жанады.




3. Егер мысалға сәйкес **I** немесе **II** түймешіктерін 10 секунд ішінде түртсеңіз, сол жақ кемпіректерді жеке пайдалануға болады.

Егер сол жақ **I** түймешігі мен сол жақ **II** түймешігінің арасындағы ● түймешігін түртсеңіз, сол жақ **I** және сол жақ **II** кемпіректерін үйлестіре отырып пайдалануға болады.

Егер оң жақ **IV** түймешігін түртсеңіз, оң жақ кемпіректі қосуға болады.

Сондай-ақ табанды автоматты түрде анықтау аяқталған соң ешқандай таба анықталмаған кемпіректерді қосу үшін таңдауға болады.

Егер 10 секунд ішінде ешқандай әрекет орындалмаса, пісіру аймағын таңдау шамдары өшеді. Аталған уақыт аяқталғаннан кейін 10 секунд ішінде ешқандай әрекет орындалмаса, пісіру тақтасы автоматты түрде Күту режиміне қайта ауысады.

**Пісіру тақтасын өшіру**

1. Басқару тақтасындағы ⏻ түймешігін түртіңіз.

Пісіру тақтасы өшіп, Күту режиміне оралады.

Егер пісіру тақтасын өшіргеннен кейін пісіру аймағы бейнебетінде **"H"** немесе **"h"** белгісі жанса, бұл пісіру аймағының әлі ыстық екендігін білдіреді. Пісіру аймақтарын қолмен ұстамаңыз.

**Сақталған ыстық көрсеткіші**

Егер пісіру аймағы бейнебетінде **"H"** белгісі жанса, бұл пісіру аймағының әлі ыстық екендігін және кішігірім тағамды жылы ұстау үшін қолдануға болатынын білдіреді. Бұл белгі кейін **"h"** белгісіне ауысып, пісіру тақтасының шамалы ыстық екенін білдіреді.

Қуат жоқ болғанда, сақталған ыстық көрсеткіш шамы іске қосылмайды және пайдаланушыға ыстық пісіру аймақтары жайлы ескертпейді.

**Пісіру аймақтарын іске қосу (пісіру бөлігі)**

1. Пісіру тақтасын іске қосу үшін ⏻ түймешігін түртіңіз.
2. Іске қосу үшін. пісіру аймағының таңдау түймешігін түртіңіз.

**"0"** белгісі пісіру аймағы бейнебетінде пайда болып, қажетті пісіру аймағының шамы жанады.



Егер 10 секунд ішінде ешқандай әрекет орындалмаса, пісіру аймағын таңдау шамдары өшеді. Аталған уақыт аяқталғаннан кейін 10 секунд ішінде ешқандай әрекет орындалмаса, пісіру тақтасы автоматты түрде Күту режиміне қайта ауысады.

3. ✚ және ━ түймешіктерін түрту арқылы температура деңгейін **"0"** және **"9"** аралығында реттеңіз.

**Пісіру аймақтарын өшіру**

Таңдалған пісіру аймағын 3 түрлі жолмен өшіруге болады:

1. **Температураны "0" деңгейіне дейін түсіру арқылы**
   Температура параметрін **"0"** деңгейіне дейін төмендету арқылы пісіру аймағын өшіруге болады.
2. **Қажетті пісіру аймағы үшін таймердегі өшіру функциясын пайдалану арқылы**
   Уақыт аяқталғанда, таймер пісіру аймағына тағайындалған таймер өшеді. тиісті пісіру аймағы бейнебетінде **"0"** мәні пайда болады. Пісіру аймағы бейнебетінде ⏲ белгісі жойылады.
   Уақыт аяқталғанда, дыбыстық сигнал естіледі. Дыбыстық сигналды өшіру үшін, басқару тақтасындағы кез келген түймешікті түртіңіз.
3. **Тиісті пісіру аймағы белгісін 3 секундқа түрту арқылы**
   Өшіру үшін, пісіру аймағы белгісін шамамен 3 секунд түртіңіз.

**Пісіру аймақтарын үйлестіру**

1. Пісіру тақтасын іске қосу үшін ⏻ түймешігін түртіңіз.
2. Үйлестіру қажет пісіру аймақтарының біреуінің таңдау түймешігін түртіңіз.

» Пісіру аймағы бейнебетінде **0** белгісі пайда болып, сәйкес пісіру аймағының шамы жанады.



3. Осы пісіру аймағы мен үйлестіру қажет іргелес аймақ түймешігінің арасындағы ● түймешігін түртіңіз.

» Үйлестірілген пісіру аймақтарының арасындағы ажырату шамы өшіп, сол жақ пісіру аймағы бейнебетінде "0" белгісі жанады/жанып тұрады.



4. ✚ және ━ түймешіктерін түрту арқылы температура деңгейін **"0"** және **"9"** аралығында реттеңіз.

» Енді пісіру аймақтары орнатылған температура деңгейінде бір пісіру аймағы ретінде пайдаланылатындай етіп үйлестірілді.

5. **3. Егер үшінші және төртінші пісіру аймақтарын үйлестіру қажет болса,**
   Үшінші/төртінші пісіру аймақтарын 2 үйлестірілген пісіру аймақтарын қосу үшін олардың арасындағы ● түймешігін түртіңіз.






» Пісіру аймақтары үйлестіріліп, олардың арасындағы ажырату шамы өшеді және сонымен бірге пісіру аймағы бейнебеті ортақ болады. Сол жақ шеткі пісіру аймағының температура индикаторы жанып тұрады және бір пісіру аймағында орнатылған температура деңгейінде жұмыс істейді.

**Қосылған пісіру аймақтарын үйлестіру**

1. Әр түрлі немесе бірдей температура деңгейлерінде жеке жұмыс істеп тұрған екі іргелес пісіру аймақтарын үйлестіру үшін пісіру аймақтарының арасындағы ● түймешігін түртіңіз.




» Жеке жұмыс істеп тұрған пісіру аймақтары үйлестірілген кезде олардың арасындағы ажырату шамы өшеді де, сол жақ пісіру аймағы бейнебетінде температура деңгейі көрсетіледі. Үйлестірілген пісіру аймақтары бір пісіру аймағы ретінде төмен температура деңгейінде жұмыс істеуді жалғастырады.




Үйлестірілген пісіру аймақтарындағы кез келген алдыңғы температура немесе, бар болса, уақыт мәні үйлестіруден кейін кішірек мәнде жұмыс істейді. Мысалы, 6-температура деңгейінде 10 минутқа орнатылған пісіру аймағын және 2-температура деңгейінде 20 минутқа орнатылған пісіру аймағын үйлестірсеңіз, үйлестірілген пісіру аймақтары 2-температура деңгейінде 10 минут жұмыс істейді.

**Үйлестірілген пісіру аймақтарын бөлу үшін;**

1. Бөлу қажет үйлестірілген пісіру аймақтарының арасындағы ● түймешігін түртіңіз.




» Түртілген ● түймешігінің оң жағындағы пісіру аймақ(тар)ы мен сол жағындағы пісіру аймақ(тар)ы бөлініп, жұмыс істеуді жалғастырады. Пісіру аймақтарының арасындағы ажырату шамы жанады.




Бөлінген пісіру аймақтары олар үйлестірілген кезде орнатылған температура мәнінде жұмыс істеуді жалғастырады.

**Үйлестірілген пісіру аймақтарын өшіру**

Үйлестірілген пісіру аймақтарын 3 түрлі жолмен өшіруге болады:

1. **Температураны "0" деңгейіне дейін түсіру арқылы**
   Үйлестірілген пісіру аймақтарын өшіру үшін температура параметрін **"0"** деңгейіне дейін төмендетіңіз.

2. **Үйлестірілген пісіру аймақтарының таймеріндегі өшіру функциясы арқылы**
   Уақыт аяқталғанда, таймер пісіру аймағына тағайындалған таймер өшеді. тиісті пісіру аймағы бейнебетінде **"0"** мәні пайда болады. Пісіру аймағы бейнебетінде ⏲ белгісі жойылады.
   Уақыт аяқталғанда, дыбыстық сигнал естіледі. Дыбыстық сигналды өшіру үшін, басқару тақтасындағы кез келген түймешікті түртіңіз.
3. **Үйлестірілген пісіру аймақтары белгілерінің бірін 3 секундқа түрту арқылы**
   Өшіргіңіз келетін үйлестірілген пісіру аймақтарының кез келгенінің белгісін шамамен 3 секунд түртіңіз.

**КҮШЕЙТКІШ функциясы**

Максималды қуатпен қыздыру үшін күшейткіш функциясын пайдалануға болады. Дегенмен, бұл функцияны ұзақ уақыт пісіру үрдісіне қолданбаған дұрыс.

**КҮШЕЙТКІШ функциясын тікелей таңдау:**

1. Пісіру тақтасын іске қосу үшін ⏻ түймешігін түртіңіз.
2. Пісіру аймағын таңдау түймешіктерін түрту арқылы қажетті пісіру аймағын таңдаңыз.



3. 🍲 түймешігін түртіңіз.

Таңдалған пісіру аймағы жоғарғы қуатпен жұмыс істейді және 3 шам пісіру аймағы бейнебетінде бір уақытта жыпылықтайды.

Күшейткіш функциясы параметрінің уақыты (2-кестені қараңыз: әрекет ету уақытының шегі кестесі) аяқталған соң пісіру аймағы өшеді.

**Пісіру аймағы белсенді болғанда, Көмекші функциясын таңдау:**

1. Пісіру аймағы қосылып, белгілі деңгейде кем дегенде 20 секунд жұмыс істегеннен кейін 🍲 түймешігін түртіңіз.



Пісіру аймағы таңдалған деңгейде кем дегенде 20 секундта өз жұмысын аяқтауы керек.

2. Таңдалған пісіру аймағы жоғарғы қуатпен жұмыс істейді және 3 шам пісіру аймағы бейнебетінде бір уақытта жыпылықтайды.
   Көмекшінің уақыты аяқталғанда, пісіру аймағы орнатылған температура деңгейіне ауысып, таңдалған температура деңгейі ғана көрсетіледі.

Үйлестірілген пісіру аймақтары күйшейткіш параметрінде жұмыс істегенде пісіру аймақтары бөлінген болса, бөлінген пісіру аймақтары күйшейткіш параметрінде жұмыс істеуді жалғастырады.

**Көмекші функциясын алдын ала өшіру:**

🍲түймешігін түрту арқылы күшейткіш функциясы параметрін кез келген уақытта өшіруге болады.

**Жедел қыздыру**

Жедел қыздыру пісіру процесін жеңілдететін функция болып табылады. Барлық пісіру аймақтарында жедел қыздыру функциясы бар. Жедел қыздыру функциясын қажетті пісіру аймағы температурасының мәні анықталған соң 20 секунд ішінде пайдалануға болады.

Бұл функция қысқа уақытта жедел қыздыру үшін пайдаланылады. Жедел

қыздыру уақыты аяқталған соң пісіру аймағы орнатылған температура деңгейінде жұмыс істеуді жалғастырады.

Жедел қыздыру функциясы пісіру аймағы іске қосылғаннан кейін алғашқы 20 секунд ішінде орнатылады.

**Жедел қыздыру функциясын таңдау:**



1. Пісіру тақтасын іске қосу үшін ⏻ түймешігін түртіңіз.
2. Пісіру аймағын таңдау түймешіктерін түрту арқылы қажетті пісіру аймағын таңдаңыз.
3. ➕ және ➖ түймешіктерін түрту арқылы қалаулы температура деңгейін орнатыңыз.
4. түймешігін түртіңіз. Таңдалған пісіру аймағы төмендегі кестеде көрсетілген белгілі уақыт кезеңінде максималды қуатпен жұмыс істейді. 3 шам мен орнатылған температура мәні пісіру аймағы бейнебетінде бір уақытта көрсетіледі.
5. Жедел қыздыру уақыты аяқталғанда, пісіру аймағы орнатылған температура деңгейіне ауысып, таңдалған температура мәні ғана көрсетіледі.

Үйлестірілген пісіру аймақтары күйшеткіш параметрінде жұмыс істегенде пісіру аймақтары бөлінгенде бөлінген пісіру аймақтары жедел қыздыру параметрінде жұмыс істеуді жалғастырады.

**1-кесте:** Күшейткіш функциясының әрекет ету уақыттары

| **Температура деңгейі** | **Әрекет ету уақытының шегі - секунд** |
|---|---|
| 0 | 0 |
| 1 | 10 |
| 1. | 20 |
| 2 | 30 |
| 2. | 40 |
| 3 | 47 |
| 3. | 56 |
| 4 | 65 |
| 4. | 75 |
| 5 | 85 |
| 5. | 85 |
| 6 | 25 |
| 6. | 25 |
| 7 | 35 |
| 7. | 35 |
| 8 | 45 |
| 8. | 45 |
| 9 | 10 |
| 9. | 10 |

**Күшейткіш функциясын өшіру:**
Күшейткіш функциясын өшіру үшін қалаған уақытта түймешігін түртіңіз.

**Құлпыты алу**
Құлыпты алу басқару тақтасындағы барлық түймешіктердің әрекет етуін 20 секундқа алдын алып, пайдаланушыға қолданыстағы пісіру тақтасын тез тазалауға мүмкіндік береді. Құрылғы осы уақыт ішінде ешқандай қуат жұмсамайды.

**Құлыпты алу функциясын іске қосу**



1. Пісіру тақтасы қосулы режимінде болғанда, түймешігін **сигнал дыбысы** естілгенше басып тұрыңыз.

Құлыпты алу шамы іске қосылып, пісіру тақтасының сағат бейнебеті 20 секундтан бастап санай бастайды. Басқару тақтасындағы ⏻ түймешігінен басқа ешбір түймешік сол уақытта жұмыс істемейді.

**Құлыпты алу функциясын өшіру**
Құлыпты алу функциясын өшіру үшін, кез келген түймешікті басудың керегі

жоқ. Пісіру тақтасы 20 секундтан кейін дыбыстық сигнал беріп, түймешіктерді құлыптау шамы мен құлыпты алу функциясы автоматты түрде өшеді.

**Балалардан құлыптау**

**Пісіру тақтасы Өшірулі режимінде болғанда**, балаларға қосуға жол бермеу үшін, оны құлыптау функциясы арқылы қорғауға болады. Балалардан құлыптау функциясы пісіру тақтасы тек Өшірулі (Күту) режимінде болғанда белсендіріледі немесе өшіріледі.

**Балалардан құлттау функциясын іске қосу**

1. Пісіру тақтасы Өшірулі режимінде болғанда, 🔒 түймешігін **екі сигнал дыбысы** естілгенше басып тұрыңыз.

Балалардан құлыптау функциясы іске қосылып, 🔒 түймешігінің шамы жанады.

> Кемпірек пен балалардан құлыптау функциясы белсенді болғанда кез келген түймешікті бассаңыз, 🔒 түймешігінің шамы жыпылықтайды.
> Кемпірек күту режимінде болғанда және балалардан құлыптау функциясы белсенді болғанда ⏻ түймешігін түртсеңіз, 🔒 түймешігінің шамы жыпылықтайды.
> Егер кемпірек күту режимінде болғанда **сақталған ыстық индикаторы** көрсетілсе және егер балалардан құлыптау функциясы белсенді болғанда кез келген түймешікті бассаңыз, 🔒 түймешігінің шамы жыпылықтайды.

**Балалардан құлттау функциясын өшіру**

1. Балалардан құлттау функциясы белсенді болғанда, 🔒 түймешігін **сигнал дыбысы** естілгенше басып тұрыңыз.

» Балалардан құлттау функциясы өшіп, 🔒 түймешігінің шамы өшеді.

**Түймешіктерді құлттау**

**Пісіру тақтасы жұмыс істеп тұрғанда**, қателесіп функциялардың өзгеруін алдын алу мақсатында түймешіктерді құлттау мүмкіндігін іске қосуға болады.

**Пернелерді құлыптау функциясын қосу**

1. Басқару тақтасын құлттау үшін, 🔒 түймешігін ұзақ басып тұрыңыз.

Алдымен бір сигнал дыбысы естіледі. Бұл жағдайдапісіру тақтасы **Құлыпты алу** режиміне ауысады. Одан кейін, екі сигнал дыбыстары естілгенше саусағыңызды алмай біраз түртіп тұрыңыз.
🔒түймешігінің шамы жыпылықтап, барлық пісіру аймақтары құлтталады.

> Түймешіктерді құлттау функциясын әрекет ету режимінде ғана іске қосуға болады. Түймешіктерді құлттау функциясы белсенді болғанда, ⏻ түймешігі ғана жұмыс істейді. Кез келген басқа түймешікті түрткенде, 🔒 түймешігінің шамы түймешіктерді құлттау функциясының белсенді екенін көрсетеді.
> Түймешіктер құлтталғанда пісіру тақтасы өшірулі болса, түймешіктерді құлттау функциясы пісіру тақтасын қайта қосқанда өшіп тұруы керек.

**Түймешіктерді құлттау функциясын өшіру**

1. 🔒 түймешігін 2 секундтай басыңыз.

Әрекет дыбыстық сигналмен расталады. 🔒 түймешігінің шамы өшіп, басқару тақтасының құлпы алынады.

**Таймер функциясы**

Бұл функция пісіру үрдісіне көмектеседі. Пісіру барысында пештің қасында болудың қажет жоқ. Пісіру аймағы таңдалған уақыт аяқталғанда автоматты түрде өшеді.

**Таймерді іске қосу**

1. Пісіру тақтасын іске қосу үшін ⏻ түймешігін түртіңіз.

2. Пісіру аймағын таңдау түймешіктерін түрту арқылы қажетті пісіру аймағын таңдаңыз.
3. ✚ және ━ түймешіктерін түрту арқылы қалаулы температура деңгейін орнатыңыз.
4. Таймерді іске қосу үшін, ⏲ түймешігін түртіңіз.

**"00"** мәні таймер бейнебетінде көрсетіліп, ⏲ белгісі пісіру аймағы бейнебетінде жыпылықтай бастайды.
